

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған бітірушілері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 мамырдағы № 114 қаулысы. Қостанай облысы Қамысты ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 маусымда № 9-11-139 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 170 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 15.12.2015 № 170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-5), 5-6) тармақшаларына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан кәсіпорындарында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Аудан кәсіпорындарында интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған бітірушілері үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

3. "Қамысты аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған бітірушілеріне квотаға сәйкес, жұмыс орындарына жұмысқа орналасуына жәрдемді қамтамасыз етсін.

4. Әкімдіктің "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған бітірушілері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2011 жылғы 25 қазандағы № 301 қаулысының (2011 жылғы 09 қарашада Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-11-127 тіркелген, 2011 жылғы 22 қарашадағы

№ 47 "Новый путь-Бозторғай" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асқар
Жақанұлы Жақсыбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а м ы с т ы

ауданының әкімі

Б. Өтеулин